

Студенттермен кездесу кеші

“БІЗ ЖАСТАРҒА – СЕНЕМІЗ”





Мақсаты:

Оқушыларды жоғары оқу орындарында белгілі бір мамандықта білім алып жатқан студент жастармен кездестіре отырып, пікір алысуға, болашақ мамандығын таңдауда жүйелі көзқарас қалыптастыруға, кәсіби мамандыққа деген қызығушылығын арттыруға, сол жолда тиянақты да, саналы білім алуға деген ұмтылысты оятуға бағыт беру.



Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы
**«Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі:
табыс пен тұрмыс сапасын арттыру»**

«Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынамын»

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Астана, 2018 жылғы
05 қазан



I. Кешті ашу

II. Таныстыру «Ой бөлісу»

III. Сергіту сәті «Психологиялық сәт»

IV. Сыр — сұхбат «Ашық микрофон»

V. Ойын

VI. Тілектер шоғы.





«Ой бөлісу»

1. Құрметті студент жастар студенттік өмір қалай екен? Өз ойларыңызбен бөліссеңіздер. Мектеп пен колледждың қандай айырмашылығы бар?
2. Қазіргі кезде 11 – сынып оқып жатқан жастарға қандай кеңес беретін едіңізде? (мамандық туралы)
3. Сіздердің мамандықтарыңыздың халыққа қандай пайдасы бар?



Психологиялық сәт:

**«Психогеометрия»- өзін - өзі тану:
Оқушылар өзіңе ұнаған геометриялық
фигуралардың кез - келгенін таңдауы
тиіс. Әр фигура қандай да бір адам
бойындағы қасиетті, қабілетті
білдіреді. Әрқайсысымыз өзімізді
танып көрелік.**



Квадрат. Сенде төзімділік, шыдамдылық, еңбекқорлық дамыған. Өз айналана адамдарды жинап ұйымдастыру, реттеу және жүйелеу қабілетін баршылық. Сенен үздікадминистратор шығады

Зигзаг. Сенде әсемдікті көре білу қабілетін жоғары қалыптасқан, сондай - ақ шығармашылық қабілетін, ой - өрісін дамыған. Сенде табиғи өткіройлылық бар, өз айналана қабілетті адамдарды жинай аласын. Сені шаблондар, ережелер, нұсқаулар қызықтырмайды. Бастаған істі аяқтауға төзімділіктің жоқтығы бөгет жасайды.

Шеңбер. Сенде адамгершілік жоғары дамыған. Сен өз әріптесінді тыңдай аласың және оның қайғысы мен қуанышын бірге бөлісесін, басқаның ауарпатылығына жәрдемдесу қабілетін жоғары қалыптасқан. Саған жеке адамдар арасындағы кикілжіңдер тән емес, өзіңді олардан аулақ ұстайсың Сенен үздік психолог шығуы мүмкін.

Үшбұрыш. Саған басқарушылық қасиет тән. Өз көздеген мақсатына қол жеткізуге барлық мүмкіншілігіңді жасайсың. Өзіңе сенімдісің және жеңіске, жетістіктерге, ұтыстарға оңай қол жеткізесің. Айтқаныннан шықпайсың, абыройлысың. Сен қоғамда, өмірде жоғары жетістіктерге қол жеткізесің, жұмысыңда жоғарыға көтерілуге бейімділігін бар.

**“АШЫҚ
МИКРАФОН”**



«Ең нағыз ...» ойыны

- Ең жасыл мамандық;
- Ең тәтті мамандық;
- Нағыз ақшалы мамандық;
- Ең күлкілі мамандық;
- Нағыз бала мамандығы;
- Нағыз адамдармен көп араласатын мамандық;
- Ең ауыр мамандық;
- Ең салмақты мамандық.









«Тілектер шоғы»



Еңбек етсем, ертеңгі- бақытыма сенемін.
Масқатыма жеткізер- уақытыма сенемін.
Достық іспен қасты да- жеңеріме сенемін,
Ақыл, сана білім мен- өнеріме сенемін.
Арым- таза, ақ көңіл- адалдыққа сенемін,
Абыройлы, ақ ниет- адамдыққа сенемін!



Назарларыңызға рахмет!

